ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№ КВГА-13/701- 05.03.2019
С-1155-КВГА-2527.

ТОО «Үркер»

Сіздің 2019 жылғы 14 ақпандағы №28615 *(мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберілген)*, «Ырғыз аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Мекеме)* өткізілген №2985596-1 «Ырғыз ауданы әкімі және аудандық мәслихаттың нормативтік құқықтық актілерін және мемлекеттік ақпараттық саясатты мерзімді баспа басылымдары арқылы жүргізу» конкурсына қатысты хатыңызға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Алайда, Мекеменің техникалык ерекшелігінде қойылған талаптар **әлеуетті өнім берушілерге** емес, **өнім берушілерге** тисілі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 27 бабы 4 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін **әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда**, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың алдын ала рұқсат беру хаттамсына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Үркер» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурс комиссия мүшелері *«сатып алынған қызметтерді дәлелдейтін құжаттар салынбаған»* деген себептермен конкурсқа қатысуға рұқсат бермеу шешімін қабылдаған.

Алайда, камералдық бақылау барысында конкурстық комиссия тарапынан Сіздің, конкурстық өтініміңізді алдын ала рұқсат беру хаттамсында конкурстан шеттеткенімен қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес конкурсқа қатысуға рұқсат берілгендігі анықталды.

Сонымен қатар, Қағиданың 104 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім электрондық құжат нысанында веб-портал арқылы конкурстық құжаттамада көрсетілген оны берудің соңғы мерзімі өткенге дейін беріледі және әлеуетті өнім

берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім беру, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен Заңның 6-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісу нысаны болып табылады.

Жоғарыда аталған негізінде, Сіздің өтінімізді конкурстық комиссия Заңға сәйкес конкурсқа қатысуға жіберген.

Жауаппен келіспеген жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 14-бабына сәйкес, өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Төрағаның орынбасары **Ш. Шайназарова**

Ажибеков О.
718360